# **Үйге тапсырма:**

Матаның өң және теріс жағы

Мата тоқу түрлері

*Матаның өң және теріс жағын қандай тәсілмен табуға болады?*

*1. Мата жиектерінің шеттерінде тесікшелері болады. Тесікшелердің маңындағы мата іш жағына қарай дөңестеу болады.*

2. Тегіс маталардың теріс жағы түктілеу болып келеді.

*3. Тоқу өрілісінің суреттері бойынша:*

*- саржалық өрілістің оң жағында диагоналы бойынша бүртіктер орналасады;*

*-сәтен және атластық өрілістің оң жағы тегіс болады;*

*-түк матаның оң жағында қалыптасады;*

4. Аралас маталарға қымбат жіптер оң жағына тоқылады

*5. Драп маталарының өң жағының түгі тегіс, ал теріс жағынікі әртүрлі болып келеді.*

*Мата тоқудың қандай түрлері бар?*

# Кездемелік

# Саржалық

# Сәтендік және атластық

Кездемелік тоқу қандай жіптерге тән болады?

Негіз жіптер мен арқау жіптерге тән болады

Негіз бен арқау бойынша кездемелік өрудің ***раппорты*** екі жіпке тең болады

***Раппорт*** *деп – матаның ұзындық бойында да, енінде де суреттің қайталануын құрайтын жіптер санын атайды*

Саржалық өруді қалай айырады?

Саржалық өруді матаға диагоналы бойынша түсетін бүртік арқылы айырады.

Қандай маталар тоқылады?

Саржалық өрілумен тығыз, қалың және ауыр маталар тоқылады

Сәтендік  және атластық тоқу негіз және арқау жіптерінің сирек кездесетін өрілімі болып табылады

Сәтендік тоқуда қандай жіпті басып отырады?

Сәтендік  тоқуда арқау жіп төрт не болмаса одан да артық **негіз жіпті**  басып отырады

Атластық тоқуда қандай жіпті басып отырады?

Атластық тоқуда  негіз жіп төрт не болмаса одан да артық  **арқау жіпті**  басып отырады

**Қаңтардың оны**

**Сабақтың тақырыбы:**

**Тігін машинасының құрылымы, қызметі, жұмыс істеу принципі. Тігін машинасының реттелуі**

# *Сабақтың мақсаты:*

**_Білімділік мақсаты:_**

*Оқушыларға тігін машинасының құрылысы мен тағайындалуы туралы, тігін машинасының жұмысындағы ақаулардың себептері туралы және оның күтімі туралы білімді меңгеруін қамтамасыз ету;*

**_Дамытушылық мақсаты:_**

*Алған білімдерін іс жүзінде көрсетуге ықпал ету, талғамдарын дамыту;*

**_Тәрбиелік мақсаты:_**

*Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, өзіндік іс-әрекет жасауға, іскерлікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу;*

## Машинада дұрыс отыру тәсілі:

1.Жұмыс орнына жарық сол жақтан немесе алдыңғы жақтан түсу керек.

2.Отыратын орындық пен тігін машинасының ара қашықтығы 10-15 см болу керек.

3.Құрал – жабдықтар арнайы қорапта тұру қажет, үстелдің бетінде тек қана тігілетін бұйым жатуы тиіс.

4.Тігін машинасының айналатын бөлшектеріне тым жақындамаңдар.

**Тігін машинасында жұмыс істеу ережесі:**

*1. Бұйым мен тігінші көзінің арасындағы қашықтық 30-40 см болуы, ал шынтақ машина қақпағымен бір деңгейде жатуы керек.*

*2.Тігін машинасымен жұмыс істегенде, орындықта дене денені тік ұстап, басты сәл алға қарай еңкейтіп отыру керек.*

*3.Тігу барысында бөлшектерді машина табанын сол жаққа, тігілетін қосымшаларды оң жаққа қарай қою керек.*

# Тігін машинасының шығу тарихы

- *XV – ғасырда – Леонардо да Винчи – тігін машинасының жобасын ұсынды.*
- *1755 жыл – Англия, Карл Вайзенталь – бір жіпті тігін машинасын ойлап тапты.*
- *1834 жыл – Уолтер Хант шөрнекті машина жасады*
- *1870- АҚШ-та Исаак Зингер – “Зингер” фирмасын ашты.*
- *1900 – Ресейде Подольск қаласында “Зингер” зауытын ашты.*

# Тігін машинасының түрлері

# Аяқ киім тігетін машина



# Өндірістік фабрика тігін машиналары



# Аяқ жетекті тігін машинасы



# Қалтаға салатын тігін машинасы



# Электр жетекті тігін машинасы



# Тігін машинасының жоғарғы жібін өткізу ережесі:

-Тігін машинасын жұмыс қалпына келтіріп инені жоғары көтеріп қой.

-Жіпті қорабымен арнайы шегеге кигізіп ,қажетті тетеіктерден өткіз

-Жіпті жоғары жіптің тартылуын реттейтін екі сақинаның арасынан компенсациялық серіппенің ілмегінен өткіз.

-жіпті инеге сабақтау.

# Тігін машинасының төменгі жібін өткізу ережесі:

-Жібі оралған шөрікті қабына кигіз.
-Жіпті шөрік қабының жіпті тартып тұратын серіппесінің астынан өткіз.Жіптің ұшын 10-15 см артық қалдыр.
-Шөрікті тігін машинасының астыңғы құрылғысына орналастыр,сырт еткен дыбыс естілгенде шөріе дұрыс орналасқаны.
-Ысырмалы қақпақшаны жауып,инені жоғары-төмен қозғап төменгі жіпті суырып шығару керек. Жоғарғы жіп пен төменгі жіптің ұшын тартып, табан астынан кері  жібер.

# Бекіту сұрақтары

1. Тігін машинасының  жобасын ұсынған кім?
2. Исаак Зингер қай жылдары тігін машинасын ойлап тапты?
3. Ресейдің қай қаласында Зингер зауыты ашылды?
4. Тігін машинасының түрлерін атаңыз.

# Сабақты қорытындылау

- Бүгінгі сабақ ұнады ма?
- Несімен ұнады?
- Несімен ұнамады?

# Үйге тапсырма

1. Тігін машинасының жоғарғы жібін өткізу және төменгі жібін өткізу ережесін оқып келу.

2. Барлық қауіпсіздік ережелерін қайталап келу